




«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ докторантурасына түсушілерге арналған ақпарат

**Магистратура, докторантура және постдокторантура
орталығы**



Докторантура

Докторантура – білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD)/ бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

М.Оспанов атындағы БҚМУ-де білім беру бағдарламалары топтарының тізімі

D141 Медицина

D139 Қоғамдық денсаулық сақтау

D151 Мейіргер ғылымы

- Оқыту нысаны: күндізгі
- Оқыту тілдері: қазақ, орыс
- Оқу шарттары: мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша
- Оқу мерзімі: 3 жыл

2 кезең


-Алдын ала іріктеу

-Түсу емтихандары

Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуірге дейін жүргізіледі



Мамандықтар бойынша докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгеруге ынталы тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:



Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде тоғыз ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

| | |
|---|--|
| D141 «Медицина» | Магистратура мамандығы бойынша 6М110100 – «Медицина» 6М110300 – «Мейіргер ісі» 6М110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» 6М110500 – «Медициналық-профилактикалық іс» Резидентура (барлық мамандықтар) |
| D139 «Қоғамдық денсаулық сақтау» | Магистратура мамандығы бойынша 6М110100 – «Медицина» 6М110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» 6М110300 – «Мейіргер ісі» 6М110400 – «Фармация» 6М110500 – «Медициналық-профилактикалық іс» 6М110600 – «Денсаулық сақтау менеджменті» 6М050600 – «Экономика» 6М050700 – «Менеджмент» 6М051300 – «Әлемдік экономика» 6М030100 – «Заңтану» Резидентура (барлық мамандықтар) |



Мамандықтар бойынша докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгеруге ынталы тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:

Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде тоғыз ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

| | |
|---|---|
| D151 «Мейіргер ісі ғылымы» | Магистратура мамандығы бойынша 6M110100 – «Медицина» 6M110300 – «Мейіргер ісі» 6M110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» 6M110500 – «Медициналық-профилактикалық іс» 6M110400 – «Фармация» 6M110600 – «Денсаулық сақтау менеджменті» |
|---|---|



Докторантура бағдарламаларына түсу кезендері

1 кезең. АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ
«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
Магистратура, докторантура және
постдокторантура орталығында құжаттарды
қабылдау

1 ақпаннан 15 сәуірге дейін
Ақтөбе қ., Маресьева көшесі, 68 үй, 410 кабинет, жұмыс телефон
centermdp@zkmu.kz

Мәселелік комиссия

1 сәуірден 15 сәуірге дейін
2-кезеңге жіберу/жібермеу туралы шешім
Шешім туралы ақпарат университет сайтында комиссия отырысынан
кейінгі күні орналастырылады

2 кезең. Білім беру бағдарламаларының
топтары бойынша түсу емтиханы

4 тамыздан 20 тамызға дейінгі кезеңде
Білім беру бағдарламалары бойынша түсу емтиханы
Апелляциялық комиссия (қажет болған жағдайда)
Конкурс өткізу

PhD докторантураға қабылдау

Марат Оспанов атындағы БҚМУ қабылдау комиссиясына қабылданғанға
дейін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну
Қабылдау 28 тамызға дейін



Докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу тәртібі

PhD докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеуге қатысу үшін үміткерлер мынадай құжаттарды тапсырады:



Зерттеудің өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеудің материалдары мен әдістері, зерттеудің дизайны, ғылыми жаңалығы мен күтілетін нәтижелері көрсетілген диссертациялық жұмыстың аннотациясы



Ғылыми консультанттың басшылығына жазбаша келісім



Университет ректорының атына жазылған еркін нысандағы өтініш



Жұмыс/оқу орнынан қолдаухат немесе ұсыныс хат (құрылымдық бөлімше/кафедра басшысының) Бедерлері бар ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (болған жағдайда)



Түйіндеме (білімі, мамандығы, ғылыми қызығушылықтары, шет тілін меңгеру деңгейі, жетістіктері)



Үміткердің алдыңғы үш жылдағы растайтын құжаттары бар портфолиосы (ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар) (болған жағдайда)

Барлық құжаттар
файл папкасында
беріледі



АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ



Үміткердің университеттің мәселелік комиссиясының отырысында алдағы ғылыми-зерттеу жұмысын таныстыру нысанында жүзеге асырылады.

Комиссия тыңдалған жұмысты жоспарланған диссертацияның презентациясы негізінде бекітілген бағалау парағына сәйкес **төрт балдық шкаламен бес критерий** бойынша бағалайды.

Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға өткізілген алдын **ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына жіберу немесе жібермеу** болып табылады.



Жоспарланған диссертациялық жұмыстың презентациясы бойынша бағалау парағына

| № | Диссертациялық жұмыстың жоспарланған тақырыбының критерийлері | Балдар (0-4) |
|---|--|--------------|
| 1 | Өзектілігі (диссертациялық жұмыстың өзектілік дәрежесі) | |
| 2 | Мақсаты және міндеттері (мақсаты мен міндеттерінің диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкестігі) | |
| 3 | Ғылыми жаңалығы (болжамды ғылыми нәтижелердің медицина саласында қаншалықты жаңа болуы) | |
| 4 | Зерттеудің объектісі және әдістемесі (зерттеу объектісін, зерттеу іріктемесі мен дизайнын негіздеу) | |
| 5 | Күтілетін нәтижелері (тәжірибелік маңыздылығы) | |

- 0 – критерийлер орындалмаған;
- 1 – критерийлер 50 % орындалған;
- 2 – критерийлер 75 % орындалған;
- 3 – критерийлер ескертулермен орындалған;
- 4 – критерийлер есертусіз орындалған.





PHD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ТҮЛҒАЛАР УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖҮГІНГЕН КЕЗДЕ МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРАДЫ:



- 1) университет ректорының атына өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 3) білімі туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде) және қосымшасы бар жоғары білімі туралы дипломның, қосымшасы бар магистр дипломының нотариалды куәландырылған көшірмелері, резидентурадан өткені туралы куәлік(сынақ ведомосынан үзінді); s (TCF-кемінде 50 балл);
- 4) 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама
Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады";
- 5) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 6) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат (еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі)

Жалғасы





PHD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ТҮЛҒАЛАР УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖҮГІНГЕН КЕЗДЕ МЫНАДАЙ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРАДЫ:

- 7) соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар);
- 8) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша) (Жоспарланған диссертациялық жұмысты таныстырудың орташа балын көрсете отырып, докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеуден өткізу туралы университеттің мәселелік комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді);
- 9) Ұлттық тестілеу орталығы берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);
- 10) шет тілін меңгергенін растайтын сертификат International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5.0; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35 балл; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл кемінде – 417; TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550; Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл кемінде – 80; неміс тілін меңгеру бойынша: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпруэфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес; TestDaF-Pruefung Niveau B1 (тестдаф-пруэфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес; француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернасиональ) (TFI) (ТФИ) - оку және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес; Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELTA) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес; Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес; Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;





ЛИЦА, ПОСТУПАЮЩИЕ В ДОКТОРАНТУРУ PhD, ПРИ ОБРАЩЕНИИ В УНИВЕРСИТЕТ ПОДАЮТ СЛЕДУЮЩИЕ ДОКУМЕНТЫ:



*TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.



Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша үміткерлерді оқуға қабылдау университеттің конкурстық комиссиясының отырысында жүзеге асырылады. Конкурстық іріктеуді жүргізу үшін жауапты хатшы қабылдау емтиханының нәтижелері бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасын толтырады (кемінде 75 балл), бұл үміткерлерді оқуға қабылдау туралы шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

Алайда, конкурстық комиссияның құқығы – 75 балл және одан жоғары алған үміткерлердің контингенті мен олардың портфолиосын талдау жүргізу.

Осы ретте, бонус баллдар ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі үшін, ғылыми жетістіктер үшін, алдын ала іріктеу үшін немесе жалпы оқуы барысында жоғары GPA деңгейі үшін берілуі мүмкін. Қабылдау емтиханының нәтижесін құрайтын көрсеткіштерге пайыздық қатынастардың үлесі жалпы алғанда 100 %-ға сәйкес келеді.

Конкурстық баллдардың бірдей көрсеткіштері болған жағдайда, докторантураға қабылдануда басымдық құқығын Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дың ПОҚ (педагогикалық және ғылыми қызметкерлер) қатарынан ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі бар үміткерлер алады, сондай-ақ алдын ала іріктеуден ең жоғары балл алған тұлғалар мен білім беру бағдарламасының профилі бойынша қабылдау емтиханында ең жоғары балл алған тұлғаларға басымдық беріледі.

Кейін ғылыми жетістіктер үшін алынған баллдар есепке алынады, оның ішінде білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Web of Science деректер базасындағы Journal Citation Reports мәліметтері бойынша 1 және 2 кватильдерге кіретін рейтингтік ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар, соңғы 3 күнтізбелік жылда шыққан жарияланымдар, ғылыми эзірлемелер туралы куәліктер, ғылыми стипендиялар мен гранттар беру туралы сертификаттар, ғылыми конференциялар мен байқауларға қатысқаны үшін жүлделі орындар және оларды растайтын алғыс хаттар/дипломдар, сондай-ақ жалпы оқуы барысында жоғары GPA деңгейі ескеріледі.



Ғылыми кеңесшілікті ...

Ғылыми кеңесші «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор»: - кадрларды даярлау бағыттары бойынша 8d10 «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» WebofScienceCoreCollection (веб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректері бойынша 1, 2, 3 квартильге кіретін немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы 2 мақала немесе Хирургиялық анатомиядан одан астам.





"Марат Оспанов атындағы БҚМУ" КеАҚ профессоры Т. А. Ә.
бастап _____ Т. А. Ә. (толық)

_____ жұмыс орны,
лауазымы _____

моб нөмірі.тел. _____

үй нөмірі.тел. _____

_____ Алдыңғы білім деңгейі туралы мәліметтер:

_____ оқу орнын бітірген жылы және оның атауы

Өтініш

Сізден білім беру бағдарламалары тобы бойынша PhD докторантурасына түсу үшін конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын _____ -----

--- оқу жылына мемлекеттік тапсырыс есебінен. Конкурс шарттарымен таныстым.

Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын (қажеттісінің астын сызу)

Күні, қолы



Toeflcenter



Батыс Қазақстандағы жалғыз TOEFL IBT авторизацияланған тестілеу орталығы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде өз есігін ашты. Егер сіз ағылшын тілінің деңгейін бағалағыңыз келсе немесе оны докторантураға немесе АҚШ-тың және басқа да елдердің оқу орындарына түсу кезінде пайдаланғыңыз келсе, онда toeflcenter_zkmu немесе ватсап нөміріне хабарласыңыз: +7 708 748 05 04





«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
Байланыс деректері:
Магистратура, докторантура және постдокторантура орталығы

Ақтөбе қ., Маресьева көшесі 68.

2 корпус, 4 қабат, 410 кабинет.

Тел.: 8 771 844 79 28

e-mail: centermdp@zkmu.kz

